


НӘРЕСТЕЛІК КЕЗЕНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТҮРЛЕРІ


Орындаған: Мазитова Д.Е., ПСХ-14-1

Қабылдағана: Жұмабаева Ә.К.

Нәресте— бір жасқа дейінгі сәби



Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.





М.И.Лисина

Жас нәрестенің қарым-қатынасқа түсуі органикалық қажеттіліктерден туады (тамақ, жылу және т.б.). Өз бетімен бұл қажеттілікті жасай алмағандықтан, бала үлкендермен қарым-қатынасқа түседі. Бала жылау арқылы, қимылы және мимикасымен үлкен адамдардың назарын өзіне аударуға тырысады.

Бірақ жас нәресте өз өмірінің алғашқы күндері мұндай әрекеттерін ешкімге бағыттамайды. Жас бала үлкен адамның арасындағы қарым-қатынас физикалық қарау ретінде жүзеге асады (тамақтандыру, орау, шомылдыру және т.б.). Байланыс толық қанды жүрмейді. Балада қарым-қатынас жасау деген ұғым бірте-бірте дами бастайды.

Жандану комплексі - сәбидің іс-әрекетіндегі белсенділік танытатын қуануы

Бұл терминді ең алғаш рет М.Н.Щелованов енгізді. Жандану комплексі ең негізгі төрт компоненттен тұрады:

Көрудегі ерекшелік – белгілі бір затқа немесе адамға ұзақ қарау.

Баланың жағымды эмоциясын білдіретін – күлімдеу. Қимыл қозғалыс жандануы – басын қимылдату, аяқ-қолдарын қимылдату, арқасын тарту.


Вокализация – баланың дыбыс шығаруы, мысалы ымдау.

Бала үлкен адамдардың оған жасаған оң және теріс әрекеттерін ажырата алмайды. Байланысқа түсуші адамның интонациясына бала жақсы жауап қайтарады.

Тіпті, ол дөрекі немесе ұрсып қарым-қатынасқа түсіп жатса да. Бұл кезеңдегі басты керекті шарт – коммуникативтілік. Осы жағдайда балаға үлкен адамдармен қарым-қатынас өте қажет.

А.И. Сорокина






Нәрестелік жаста кейін бала дамуында жаңа этап сәбилік кезең басталады. Бұл кезең 1-3 жас аралағыны қамтиды. Нәрестелік шақта бала көруді, тыңдауды үйренсе, сәбилік кезеңде дәрменсіз емес тіршілік иесі болып табылады. Ол өзінің әрекетінде белсенділік танытып, және үлкендермен қарым-қатынасқа деген ұмтылысы жоғары болады. Сәбилік кезеңде бала жетістік принципіне ие болады. Сонымен қатар балада **«МЕН»** концепциясы қалыптасады.

Баланың қарым-қатынас қажеттілігі кезінде
4 негізгі критерий қолданылады:

1. Басқа адамдарға деген қызығушылығымен олардың зейінін аудару;
2. Өзіне басқалардың көңілін аудару;
3. Құрдасына деген эмоционалды қарым-қатынасы;
4. Өзара әрекетті сезіну.

Баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі дамудың 3 жағдайында басталады.

1. Сәбилік кезеңдегі баланың қарым-қатынас эмоционалдылығы;
 - а) тәжірибелілігі
 - б) өзара әрекеті
2. Бала өзін құрдасымен салыстыра отырып, өзін теңестіреді;
3. Өзімен жасты балалармен қарым-қатынаста болып, бала өзінің жеке қажеттілігін қалыптастырады.



Қорыта келгенде қарым-қатынассыз сәбидің дамуы, жетілуі, сөйлеуі мүмкін емес.

Сәбилік кезеңде қарым-қатынастың орны ерекше екенін көруге болады.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ**